**Бекітемін:** Мырзағалиева С

***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 13.02—17.02.2023ж

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 13.02.2023** | **Сейсенбі 14.02.2023** | **Сәрсенбі 15.02.2023** | **Бейсенбі 16.02.2023** | **Жұма 17.02.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көңіл-күйін бақылау. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Сәлем, көңіл-күйің қалай? «Смайлик» арқылы көңіл-күй білдіру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Қайырлы таң! «Нейро» жаттығуы арқылы қабылдау. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Қайырлы күн! Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Сәлем, балақай! Балалардың көңіл-күйін бақылау.Дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.<br>Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. | Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Сары ауру жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен ас мәзірі туралы, баласының тамақтануы туралы әңгімелесу. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке) | Балаларының білім, білік дағыдылары туралы пікірлесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Дөгеленген шеңберді. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Жан достармыз енді біз. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **«Танысамыз, үйренеміз» видеоролик көру.**<br>**Мақсаты:**Қолды жазуға дайындау.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу)**<br>Жазудың құралдарын пайдалан білу,дәптердің дұрыс орналасуы, дұрыс отыра білу, қолдың дұрыс қозғалысы,сызықтар арасында және бір сызықта жаза білу.<br><br>**Дидактикалық ойын:**«Интервью»<br>**Мақсаты:**Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші газет корреспонденті болып балаларға микрофонды ұсынып, «Менің қалам» қандай деп әңгімеге тартады. (кейін газет | **Дидактикалық ойын: «Дауыс арқылы»**<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту)**<br>**Ойын шарты:**Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші орамалмен көзін байлайды. Балалар шеңбермен жүріп, мынадай сөздерді айтады: «Сен жұмбақты шешіп ал, кім сені атады, соны біліп ал». Содан кейін балалардың біреуі жүргізушінің атын атайды. Егер ол дұрыс айтса, шеңберге тұрады, ал атын айтқан бала жүргізуші болады. Мысалы: Көбелек «к» | **Дидактикалық ойын: «Дұрыс-бұрыс»**<br>**Мақсаты:**Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері )**<br>**Шарты:** Балалар алдарына берілген суреттерді қарап, дұрыс-бұрыстығын анықтайды.<br>Дәптермен жұмыс: Ережемен таныстыру. Дұрыс , әдемі жазуға дағдыландыру.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Дауыс арқылы»**<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, қазақ тілі)** | **Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер»**<br>**Мақсаты:** жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту)**<br>Ойын шарты: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.Жай және жайылма сөйлемдер құрап айтады.<br><br>**Үлестірмелі** | **Дидактикалық ойын: «Кім алғыр»**<br>**Мақсаты:**Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Ойын шарты:** балалар өздеріне берілген тапсырма бойынша әңгімелейді. Аю, түлкі, қоян, жылқы, сиыр туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Шығармашылық әлемінде<br>Балалар орталықтарға барып, қалаған істерімен айналысады. Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру.<br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | «Кітап-алтын қазына»<br>Ертегілер, сурет кітапшаларды тамашалау, әңгімелеп беру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Саусақ моторикасын дамытуға арналған ойыншықтармен ойын.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | Табиғи материалдармен жұмыс.<br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | Бізіді қоршаған орта.<br>Аквариумдегі балықтарға жем беру, гүлдерді суару.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Ақпан айы айы** ( 2 – комплекс )( I – II апта )<br>1.Тізбекте бір қатармен жүру. Бастаушыны алмастырып отырып жүру.<br>2.Бастаушыны алмастырып отырып жүру.<br>3.Звеноға бөліну.<br>4.Б.Қ. аяқты алшақ ұстап тұру, алға келіп қолдан-қолға алмастыру.4-5 р.қ<br>5.Б.Қ. құрсауды кеуде тұстан шынтақты бүгіп ұстау. Өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру.Отыру, құрсауды алға созу. Б.Қ. оралу,5-6 р.қ<br>6.Б.Қ. аяқты алшақ ұстап тұру, құрсауды төмен ұстау. Құрсауды жоғары көтеру, оңға бұрылу, қолды түзу ұстау.<br>7.Б.Қ. оралу, сол жақта қайталау. 6-8 рет<br>8.Құрсауды еденге қою. Қолды белге ұстау. Құрсауды айнала секіру. б.қ. келу, қарама-қарсы бағытта секіру. 3-4 рет қайталау.<br>9.Оң қолмен құрсауды тігімен ұстап тұру, құрсау ішімен отырып өту, б.қ. келу. 6-8 рет қайталау.<br>10.Бір қатарда жүру.<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**<br>**(физикалық дамыту, шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Мына аспан астында<br>Жақсы дос көп табылар<br>Мен де соның бірімін,<br>Сыйлығымды қабыл ал!<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап бір жүрер<br>Достарым көп, білемін!<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Сиқырлы айнадан<br>Өзімді көрермін.<br>Бақыттан жайнаған.<br>Көзімді көремін.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа, | Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | корреспондентінің ролін бала да атқара алады).<br><br>**Дидактикалық ойын: «Біреуі артық»**<br>**Мақсаты:**«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:**1-нұсқа. Балалар барлық карточкалардың арасынан бір зат бейнеленген карточканы тауып, атауын айтады, содан кейін көп зат бейнеленген карточканы көрсетеді. Бір бала жауап береді, қалғандары тексеріп отырады. 2-нұсқа. Барлық балаларға карточка үлестіріледі (карточкалар қайталанбайды). Барлық балалар өз карточкасы бойынша жауап береді. Бір партада отырған екі бала бірдей дұрыс жауап қайтарса, олар жұлдыз алады. Қай партада жұлдыз көп болса, солар жеңеді. 3-нұсқа. Балалар өз бетімен партада жұмыс істейді. Жауаптың орнына балалар жай қарындашпен бір зат бейнеленген суретті айналдырып сызады. Кім тез бітсе, сол балаға тағы бір карточка беріледі. Екі немесе үш карточкаға жауап берген балалар жеңімпаз деп саналады | дыбысы сөздің басында кездесіп тұр т.б<br>**Артикуляциялық ойын - жаттығулар**:<br>**Саққұлақ**<br>**Мақсаты:** Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Кім епті»**<br>**Мақсаты:** Табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, | **Ойын шарты:**Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші орамалмен көзін байлайды. Балалар шеңбермен жүріп, мынадай сөздерді айтады: «Сен жұмбақты шешіп ал, кім сені атады, соны біліп ал». Содан кейін балалардың біреуі жүргізушінің атын атайды. Егер ол дұрыс айтса, шеңберге тұрады, ал атын айтқан бала жүргізуші болады.<br>Мысалы: Көбелек «к» дыбысы сөздің басында кездесіп тұр т.б<br>**Артикуляциялық ойын - жаттығулар**:<br>**Саққұлақ**<br>**Мақсаты:** Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан | **материалмен жұмыс:**<br>**Мақсаты:**Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, қазақ тілі)**<br>Балалар алдарына берілген суреттерді атауға тырысады.<br>Үлестірмелі материалдармен материалдармен жұмыс жасайды.<br>Сөздіктерді қайталайды.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Дұрыс - бұрыс»**<br>**Мақсаты:**Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен | ақпараттарымен бөліседі.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кім зейінді»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка)**<br>(маман жоспары бойынша) | кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Ойын шарты:** Балалар табиғат бұрышындағы өсімдіктерге аквариумдегі балқытарға күтім жасауға барады. Алдымен үстеріне киімдерін, алжапқыштарын киеді. Суқұйғышпен гүлдерді суарады, шаңын сүртеді. Аквариумдегі балықтарға жем салып, әңгімелесіп тамашалайды.<br>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. | дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Көрші-көрші»**<br>**Мақсаты:**10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Ойын шарты:**Тәрбиеші бір санды айтады, мысалы, "Жеті" дейді. Омырауын жеті саны бала ілгері шығып, балалардың алдына тұрады. Тәрбиеші былай дейді: "Бұл санның көршілері, қатарына тұрыңдар!". Оның қатарына 6 және 8 деген карточкалар тұрып, 6, 7, 8 сандарын құрайды. Одан соң 6 және 7 сандары салыстырылады. Омырауында 6 цифры қадалған бала былай деп түсіндіреді: 6-ның 7-ден 1-еуі кем. 6-ға 1-ді қоссақ 7 | жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері )**<br>**Ойын шарты:** Балаларға суреттер таратылады. Алған суреттеріндегі бейнелердің дұрыс бұрыстығын айтады.Мысалы: бала үстелде қисайып жазып отыр (бұрыс) т,б<br><br>**Видеоролик көру: «Біздің әсм табиғат»**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, | **Мақсаты:** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыр.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші балалар алдарына заттарды үлестіреді. Балалар заттардың ұзындығын өлшеуішпен өлшеп, , енін, өлшемдер бойынша бірнеше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, сурет мүсіндеу, жапсыру, құрастыру** (маман жоспары бойынша)<br><br>**(физикалық дамыту,дене шынықтыру) (маман жоспары бойынша** | болады. 6 саны алты бірліктен тұрады. Одан кейін 7,8 сандары да осылайша түсіндіріледі. Жаттығу қайталанады, ойыншылардың құрамы өзгереді. Отырған балалар тапсырманың дұрыс орындауын қадағалайды. 2-вариант: алдарына ойыншықтар беріледі. саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығарады.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)**<br><br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка)** (маман жоспары бойынша) | мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну **(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,қоршаған ортамен таныстыру)** балалар видеоролик бойынша сұрақтарға жауап береді.<br><br>**(физикалық дамыту,дене шынықтыру)** (маман жоспары бойынша | заттарды салыстыр. Жылдам болған бала мадақталады.<br><br>**(физикалық дамыту,дене шынықтыру)** (маман жоспары бойынша |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**коммуникативтік дағдыларды дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен № 3** | **Серуен №6** | **Серуен №8** | **Серуен №16** | **Серуен №20** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦қарқатқақ қалай пайда болады?<br>**Табиғаттағы еңбек :** сырғанаққа су себу.<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?<br>**Қимылды ойын: «Әр түрлі доптарды лақтыру»**<br>**Мақсаты:** Иық бұлшық етін, зейінін тұрақтылығын дамыту.<br>Ресурстар: Кішкентай және әртүрлі доптар.<br>**Ойын шарты:** Жүргізуші еденге баланың алдына доптарды қояды, кейін оларды қалай лақтыру керектігін көрсетеді: біртүсті кішкене доптарды(мысалы, қызыл)-сол қолмен, ал басқаларын- оң қолмен. Кейін «әртүрлі доптарды лақтырамыз» деген бұйрықпен балалар доптарды лақтыруды бастайды. Жүргізуші алысқа лақтыруды және тапсырманы дұрыс орындауын бағалайды. Балалар доптарды кезек-кезекпен лақтырады.<br>**Жеке баламен жұмыс:** | жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады.<br>Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады.сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген.<br>Ауыл маңы терек,<br>Терек егу керек.<br>Әсем биік теректер,<br>Балаларды өбектер.<br>Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі<br>Ағаштар қалада не үшін керек? (ағаш жапырақтары көмір қышқыл газын өз бойына сіңіріп, таза ауа өндеп шығарады)<br>Неге ағаш жапырақтары күзде түседі?(себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін)<br>Зерттеу жұмысы:<br>Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдиып тұр. Кей | өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.<br>Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады.<br>Жұлдыздар түнде қайда кетеді?(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)<br>Күн неге батады? (жер күнді айналады, соныктан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Құстарға жем шашу.<br>**Қимылды ойын: «Тышқан мен қонжық»**<br>**Мақсаты:** Терең | **Табиғаттағы еңбек:**Қане бәріміз жем шашайық (жемсауыттарға жем, нан қиқымын салдырту).<br>**Қимылды ойын:«Ұялардағы балапан құстар»**<br>**Мақсаты:** ептілікке, құстарды қамқорлауға дағдыланады.<br>**Ойын шарты:**<br>Алаңның немесе бөлменің әр шетінде 3-4 ұя жасалады. Құстар ұяларға орналасады. Тәрбиеші белгісі бойынша олар ұяларынан ұшып шығады да (кедергілерден аттап өтеді) алаңда ұшып жүреді. Тәрбиеші алаңның біресе ана жағында, біресе мына жағында құстар жем беріп тұрады: балалар жүресінен отырып, саусақтарының ұшымен тізесіін соғады ( дән шоқып жеген болады ). Бұдан | күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br>**Қимылды ойын:«Қасқыр қақпан»**<br>**Мақсаты:**<br>Ойында қолданылатын өлең жолдары балалардың тілін жаттықтырып, әрі сөзді бірлесіп анық айтуға дағдыланады.<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар екі топқа бөлініп үлкендер « қақпа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктері қалыптасады.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аппақ етіп айналаны,<br>Ақ көбелек<br>айналады.(Жапалақтап жауған қар)<br>Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>♦қыс айларын атаңдар? | **Терек ағашын бақылау**<br>**Мақсаты:**Балалардың ағаштар туралы білімдері молайып;<br>Ағаштарға қамқор болуға үйренеді.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші әңгімелейді:<br>Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді.<br>**Ал, таза ауа қайдан келеді деп** ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ | **Күн мен түн неге ауысады?**<br>**Мақсаты:**Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік алады.<br>**Бақылау барысы:**<br>Балаларға жұмбақ жасыру<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан.<br>(күн)<br>Жартысы жадыратып нұр себеді,<br>Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн)<br>Орақ болып туады,<br>Табақ болып тынады<br>(ай)<br>Күндіз білінбейді,<br>Түнде дірілдейді<br>(жұлдыз)<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта | **Қыстап қалған құстарды бақылау**<br>**Мақсаты:** қыстайтын, алаңға келетін құстардың аттарын анықтап, олардың сыртқы бейнесін, қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып, қалай жүретіндерін анықтайды.<br>Балаларды байқағыштыққа, құстарға жанашыр болуға тәрб/у.<br>**Бақылау барысы:**<br>Қане, тыңдайықшы,құстардың дыбысы шығады ма екен?<br>Құстардың барлығы қайда кеткен?<br>Неге жылы жаққа ұшып кетеді?<br>Қыстап қалған қандай құстарды білеміз бе?<br>Олар неге ұшып кетпеген? Себебі ол құстар қысқа төзімді. Олар торғай,қарға,сауысқан, кептер . | **Табиғат күнтізбесі арқылы ауа райын бақылау**<br>**Мақсаты:** ауа райын бақылап, ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізеді.<br>**Бақылау барысы:**<br>1. Сық па, жылы ма?<br>2. Күн желді ме, жоқ па?<br>3. Балалар қалай киінген?<br>4. Ауа райының жайы қалай анықталады?<br>5. Күн шуақты ма, әлде бұлыңғыр ма?<br>6. Қар жауып тұр ма?<br>7. Жуырда қар жауып, өттіме ме?<br>Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жауды,міне қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды,<br>Тегістепті оларды.<br>Үстін жауып көлдердің,<br>Бетін бүркіп белдердің.<br>Жастық етіп тауды асқақ,<br>Жантайыпты жамбастап.<br>**Дербес әрекет:**<br>Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?».<br>Мақсаты: белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру. | ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.)<br>**Табиғаттағы еңбек:**Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу.<br>**Қимылды ойын: «Алға жылдам жүр, тек жүгірме»**<br>**Мақсаты:** Өкпені тыныс алуын, жалпы дене қимылын,ептілігін дамыту.<br>**Ойын шарты:** Балалар бірінің артынан бірі екі қатарға түзіледі. Әр қатардың алдында тұрған баланың алдына старт сызығын сызады. 20-30 м қашықтықта мәре сызығы сызылады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалармәре сызығына жылдам жетулері керек. Жүгіруге болмайды: домалануға, айналуға, тіземен және төрт аяқтап жүруге болады және т.б. Мәреге жеткен соң балалар дағдылы жүріспен орындарына | ырғақты дем алып шығаруға жаттықтыру,қимылдың дұрыстығын дамыту,омыртқа бұлшық етін дамыту.<br>**Ойын шарты:**Жүргізуші қимылдар көрсетіп, сөздер айтады:<br>Қонжықтың үйі үлкен.(тіктеліп, аяқ ұшына тұру,қолдарды жоғары көтеріп, созу, қолдың ұшына қарап, дем алу)<br>Тышқанның үйі өте кішкентай.(тізені құшақтап отыру, басты төмен қарай түсіріп, «шшш» деген дыбыс шығару)<br>Тышқан қонжықтың үйіне қонаққа барады. Ал қонжық тышқанның үйіне кіреалмайды, себебі сыймайы.(залды айнала жүру)Өлең қимылдармен 4-6 рет қайталанады. Жүргізуші әр қимылдыңанық және дұрыс болуын мұқият қадағалайды. | кейін олар тағы аздап жүгіріп, ойнап жүреді, одан соң тәрбиеші: « Балапан құстар, ұяларыңа барыңдар»,-дейді. Балалар, жүгіріп тағы да кедергілерден өтіп өздерінің ұяларына отырады.<br>Ойын 4-5 рет қайталанады.<br>Қайталанған кезде жаңа қимылдар қосуға болады.<br>Мысалы, шеңберден шығарда алдымен екі аяғымен секіріп өтіп, одан кейін ұш<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Құстар туралы тақпақ<br>Құстар біздің досымыз<br>Күнде оларды көреміз<br>Қамқор болып әрқашан<br>Ұя жасап береміз<br>**Дербес әрекет:**<br>Жаттығу ойындары: Торғайларға ұқсап секіріп алайық.Қарғаларға ұқсап адымдап | » екіншісі « қасқырлар » болады. Үлкен топтағы балалар қол ұстаса шеңбер құра жүріп өлең айтады.<br>Қасқыр түссе қораға,ұстамаса бола ма<br>Қол ұстасып тұрайық, қасқыр қақпан құрайық<br>Қане қақпан берік бол, қасқырды тұр жолатпай<br>Қасқыр, қасқыр келіп көр,Қақпан, қақпанберік бол!- деген нен кейін қолдарын жоғары көтереді, осы сәтте «қасқырлар » шеңбер тасасындағы « қой » қораға лап қояды. Егер ойын басқарушының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қайтып келеді.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**Мақал-мәтел:**Бір тал кессең, он тал ек.<br>**Тыйым сөздер:**Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға құраған ағашты пайдалану керек.<br>**Дербес әрекет:**<br>Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру<br>Мақсаты: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсугежаттықтыру. | **Жеке баламен жұмыс:**<br>**Мақал-мәтел:** Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.<br>**Дербес әрекет:**<br>Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру».<br>Мақсаты: мергендіктерін дамыту. | жүрейік. | «жап » деген сөзінен кейін барлығы тез қолдарын түсіріп, отыра қойса, ортада қалған «қасқырлар» «қақпан» тобына қосылады. Ал өтіп кеткендері ойынды жалғастырады.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**Далада қандай тамаша,**<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастархан жапқандай,<br>Көз тоймайды қарасаң.<br>**Дербес әрекет:**<br>Ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау.Ойын әрекеттерін қалыптастыру және дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | белсенділіктерін е тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(коммуникативтік дағдыларды дамыту, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын: «Салыстыр неге ұқсайды»**<br>Қар үлпілдек...... мақта сияқты, ұлпа сияқты<br>Қар жұмсақ.... төсек сияқты, көрпе сияқты<br>Қар нәзік ... жібектей<br>Жел тікенекті.... мұздай<br>Жел суық.... шыныдай<br>Мұз жылтыр.... жұлдыздай, жалындай, жаңа сауған сүттей<br>Ұлпаққарлар айналады... мұз сүңгісіндей, балмұздақтай<br>Қар ериді... баладай, бүлдіршіндей жылайды<br>Мұз сүңгісі...<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Дидактикалық ойын: «Шатаспақ»**<br>Мынау ненің құйрығы?<br>-Мынау ненің басы?<br>-Ненің көлеңкесі?<br>**Мақсаты:** Қыстап қалған жануарлардың ерекшеліктеріне тоқталу, сурет бойынша әңгіме құрастыру ,ойлау қабілеттерің дамыту.<br>**Шарты:**балалар суреттерге қарап, ормандағы қателерін, тауып алып, дәлелдеу керек мысалы: «Қасқыр алақаның сорып жатыр»<br>- Ертегі орманда қандай қате көріп тұрсыңдар? - Қыста кірпі мен аю ұйықтау керек.<br>-Балалар, қандай аң өз іздерін сыпырып жүрген? - тиын тоқсары, қыста сұр болады.<br>-Түлкі аң аулауға қай уақытта | **Дидактиқалық ойын: «Бөлме гүл де не бар?»**<br>**Мақсаты:** балалар гүлдің сабағын, жапырағын, гүлдерін тауып атай білуге үйрену.<br>Шарты: тәрбиеші көрсетіп суретте атайды, балалар карандашпен көрсетеді тірі бөлме гүлінде, ол қай жерде<br>Ал енді бальзамин-гүлді текше арқылы жинайық, текшенің басқа жақтарында ағаш ақ қайын, бақ-бақ гүлі, құлпынай.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды** | **Дидактикалық ойын: «Айырмашылық-тарын тап»**<br>**Мақсаты:** заттарды өзара салыстыру тәсілдерін меңгеру деңгейін анықтау.<br>Тапсырма: бала 2 суретке зер сала қарап ,олардың өзара айырмашылақтарын (барлығы 5 айырмашылық бар) атап көрсетуі қажет.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | **Дидактикалық ойын: «Адасқан цифрлар»**<br>**Мақсаты**: баланың ойлау жылдамдығын арттыру.<br>**Мазмұны:** Тәрбиеші 2, 4, 6, 7, 3, 5, цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шығады? -Түлкі аң аулауға түнде шығады.<br>-Ал, қыста ненің іздерін көрмейміз? -Аю, кірпі, борсықтың<br>-Кім біледі, аю алақаның неге сорады? -Аюдың алақанының тересі өзгеріледі, сондықтан ол оны солай жылытады<br>-Ал қандай аң із тастайды ?<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **қалыптастыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруді жалғастыру.<br>**(Физикалық дамыту)** | Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуды жалғастыру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтуды қалыптастыру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйретуді жалғастыру.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналармен балалардың төлем ақысы, балалардың тазалығы,балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.<br>Қайырлы кеш!<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру.<br>Сау болыңдар!<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.<br>Қайырлы күн болсын!<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ана – аналармен әңгімелесу.<br>Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.<br>Сау болыңдар балалар!<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ана – аналармен әңгімелесу.<br>Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.<br>Көрісkенше балалар!<br>**(коммуникатив тік дағдыларды дамыту)** |

**Бекітемін** **Мырзағалиева.С.Т**

**Мектеп директорының оқу- ісі жөніндегі орынбасары**

**Білім беру ұйымы:** Ғ.Мәсәлімов орта мектебі

**Топ:** Мектепалды сынып

**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар

***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 20.02—24.02.2023ж

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 20.02.2023** | **Сейсенбі 21.02.2023** | **Сәрсенбі 22.02.2023** | **Бейсенбі 23.02.2023** | **Жұма 24.02.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
